

Ж.Д.Рапишева

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*

### Алғашқы ғылыми аударма әдебиет үлгілерінің сөздерді терминдеуге қатысы

Мақалада қазақ терминологиясы қалыптасуының алғашқы кезеңі, өзіндік ерекшеліктері қарастырылған. Алғашқы ғылыми әдебиет аудармаларындағы терминдік қолданыстар жан-жақты талданып, олардың қазақтың төл сөздерінен жасалғандығы тілдік фактілер негізінде дәлелденді. Қазақ лексикасының терминдену барысы сөз болды. Бұл үдерісте аудару тәсілінің басты қызмет атқарғандығы айтылып, қазіргі қазақ тіліндегі терминдердің жасалуында да аудару терминжасамның негізгі тәсілі ретінде көрсетілді. Мақала авторы зерттеулер негізінде қазақ терминологиясының қалыптасуы мен қазақ тіліндегі ғылыми әдебиет стилінің алғашқы көріністері ХІХ ғасырдың ІІ жартысынан бастау алатынын дәлелдей түседі.

*Кілтті сөздер:* ақпараттар алмасу, ақпараттарды қабылдау, ақпараттарды жинақтау, ақпараттарды өңдеу, ақпараттарды жеткізу, терминологияның дамуы, қазақ терминологиясы, термин жасау амалдары, аударма жұмысы, мәністік (семантикалық) тәсіл, сөзжасамның жаңа тәсілдері, клише тіркестер.

Қоғам дамуының қазіргі жағдайында бір тілден екінші тілге аударудың рөлі жоғары. Егеменді Қазақстан Республикасының шетелдермен саяси-экономикалық, мәдени-рухани байланыстарын орнықтыру, нығайту мүддесінде ақпараттар алмасу, ақпараттарды қабылдау, жинақтау, өңдеу, жеткізу үдерістері бір тілден екінші тілге аудару арқылы жүзеге асырылады.

Ғылым тарихы адамзат тарихымен бірге өсіп, бірге дамып келеді. Қазіргі кезде ғылым өз дамуының ең жоғарғы сатыларының біріне көтерілген. Бірақ оның дамуына әр елдің, әр халықтың, әр ұлттың қатысы әр түрлі. Бұл тарих беттерінен белгілі. Сондықтан ғылым тілінің қалыптасып, жетілуіндегі, терминологияның дамуындағы *аударманың* рөліне жеке тоқталған дұрыс деп есептейміз.

Қазақ терминологиясын жасап, қалыптастыруда тікелей әсері болған факторларды саралап келгенде, термин жасау амалдары, ең алдымен аударма арқылы, аударма жұмысының өркендеуіне орай пайда болғандығын байқаймыз. Тіпті керек десеңіз, аудармаға ешбір қатысы жоқ боп көрінетін мәністік (семантикалық) тәсілдің алғашқы тармағы арқылы жасалатын, яғни, байырғы сөздер мен диалектілердің терминденуінің өзі де аударманың әсері арқылы туған деп түйін жасауымызға әбден болады дегенді айтады зерттеуші Ө.Айтбайұлы [1; 20]. Олай болса, бұл қазақ тілінде термин жасаудың ең басты тәсілі болып табылады.

Аударматану тұрғысынан қарағанда тілдер арасындағы ауыс-түйістер лингвомиграциялық процестер (үдерістер) деп аталады. Яғни тілге тікелей кірме сөз қосылады, немесе тілде формальды жағынан теңдестіру (өзге тілдегі сөздің сыртқы нысанын сақтау, калька балама жасау), семантикалық жағынан теңдестіру (мағыналық құрылымы жақын-жуық баламалардың пайда болуы), сөзжасамның жаңа тәсілдерінің белсенділігінің артуы сияқты үдерістер жүреді.

Қазіргі қазақ тіліндегі терминдердің терминжасамның бір тәсілі ретінде саналатын *аударма* арқылы жасалып жатқанын байқау қиын емес. Мәселен, интернационалдық (халықаралық) терминдер, тұрақты, клише тіркестер (*үштік одақ, Ақ үй, мемлекеттік құрылым, төртінші билік*

т.б.) — еуропалық тілдер — орыс тілі — қазақ тілі арасындағы осындай лингвомиграциялық үдерістердің көрінісі, тілдердің өзара әсері, ықпалдасуы, аударма үдерісінің нәтижесінен туындаған заңдылық.

Белгілі бір тілдің терминологиялық жүйесін жасауда, оны қалыптастыруда аударманың алатын орны өте зор. Оны дәлелдеу үшін қазақ тілінде термин жасаудың алғашқы үлгілерін танытатын *аударма тарихына* көз жіберсек.

Зерттеуші А.Алдашева өз еңбектерінде белгілі бір заңдылықтарға сүйене отырып, ұзақ мерзім бойында жүргізіліп келген аударма нұсқаларды шартты түрде *көркем аударма әдебиет* және *арнаулы ақпаратты әдебиет* деген екі топқа жіктейді. Ақпаратты (арнаулы) әдебиет қоғамдық-саяси, ресми, ғылыми мазмұндағы тәржіма үлгілерін қамтиды. Оларда ақпарат беру, ақпаратты-логикалық, ғылыми, дүниетанымдық шындыққа сәйкес етіп, тура, дәл жеткізу функциялары ойлаудың логикалық типі арқылы жүзеге асырылады. Яғни ақпараттық арнаулы аударманың негізгі қызметі — түпнұсқада айтылған мәліметті, ақпаратты екінші тіл арқылы қабылдаушыға нақты, дәл, ақиқат-шындыққа сәйкес түрінде жеткізу. Зерттеушінің тұжырымдауынша, ақпаратты арнаулы аударма аталымы — бірыңғай, біртектес мәтіндердің ортақ тілдік-стильдік белгілерін жиынтықтап көрсету мақсатынан туған шартты ұғым [2; 10].

Біз тілін қарастырып отырған аударма материалдарды ақпаратты арнаулы әдебиеттер тобына жатқызамыз. Өйткені алғашқы ғылыми мазмұнды әдебиеттер мен мақалалар басқа да ақпарат беретін материалдармен, мәселен, ресми материалдармен де, қоғамдық-публицистикалық материалдармен де мазмұндас болып келген. Олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері болғанымен, көркем аудармадан өзгеше болып келеді.

Арнаулы ақпаратты әдебиеттің негізгі тілдік құралы — терминдер, терминдік сөз тіркестері. Қазақ әдеби тілінің терминдік жүйесінің қалыптасуы мен реттелуіне аударма әдебиеттің әсері лексикалық-грамматикалық құрылымдағы динамикалық сипаттармен тығыз байланыста қарастырылуы тиіс. Өйткені қазақ терминологиясының теориялық-практикалық негіздері тілдегі семантикалық үдерістердің, сөзжасамдағы өзгерістердің, тілдік бірліктердің дифференциациялануының дәйектемелерін таратып талдау арқылы жан-жақты, толыққанды ашылады.

Орыс тілінен қазақ тіліне аударылған арнаулы әдебиеттердің бірқатары XIX ғасырдың соңғы ширегінде көріне бастады. Олар ғылым мен техника жетістіктерін баяндайтын мақалалар, мәтіндер және жеке кітапшалар түрінде де кездеседі. Сол сияқты жеке ғылым салаларынан да біраз материалдар баршылық. Сонымен қатар әр алуан азаматтық сипаттағы оқу құралдары мен грамматика кітаптары, «Хрестоматиялар» мен «Жол бастаушы нұсқалар» («Руководства»), кейбір мұсылманша («Шариат-ул-ислам») және христиан дініне қатысты шығармалар да жарық көрген. Бірақ біз бұл кезеңде ғылымның көптеген салаларының «қазақыланбағанын» ескеруіміз керек.

Қазан университетінің профессоры, шығыстанушы-ғалым Н.И.Ильминскийдің 1861 жылы Орынборда жазылып, Қазанда жарық көрген «Самоучитель русской грамоты для киргизов» атты кітабында берілген география, тарих, табиғаттану салаларынан жазылған мәтіндердің білімдік жағы да, тілі де назар аударуға тұрарлық. Мәтіндердің лексикасына келетін болсақ, оларда қазақ сөздері кеңінен қолданылып, кейбіреулері терминдік мәнде жұмсалған. Мысалы: *Жирдүң жүзунің тұртдин ұшауы динкиз астунда тұртдин бирауы құрғақ жир. Ол құрғақ жирдүң узи Иауруба, Азия, Африка, Америка, Австралия дикен бис буликке булиниди. Азияда қун батс жаған басқа қай жағынан булса да үлкен динкиз дирка тайанады. Жир узи тумалақ жартилай икика булиниди: бирауи тимир қазуқ жағи, бирауи уң тусдук жағи* (81-б.). Бұл мәтіндер қазақ тілі сөздік құрамының сол тұстағы байлығы ғылымның жалпылама түсініктерін толық бере алатындай дәрежеде екендігін көрсетеді.

«1897 жылға қазақ үшін шығарылған календарь» деп аталатын құжаттың мәтіндерінде әр түрлі ғылыми түсініктер мен дәрігерлік кеңестер берілген. Календарьда пошта, телеграф туралы, жер, ай, күн, басқа планеталар жөнінде, астрономия ғылымының табыстары қарапайым тілмен баяндалады. Аспан денелерінің атауы, ондағы құбылыстар қазақтың өз сөздерімен берілген. Мысалы: *күннің (айдың) тұтылуы* — затмение солнца (луны), *құйрықты жұлдыз* — комета, *аққан жұлдыз* — метеорит, *таң жұлдызы* — Венера, *құс жолы* — Млечный путь. Бұдан кейінгі тарау ауыл шаруашылығы мәселелерін сөз етеді.

Медицина тақырыбына арналған тарауда халық ішінде жиі кездесетін аурулардың белгілері көрсетіліп, алғашқы жәрдем, қолданылатын емдер туралы жазылған: *Кісінің беті, құлағы домбыға бастаса, ол уақытта бек қатты уқалау керек, қаны жаңадан тамырларға жүгіру үшін. Ет пен*

терінің арасында су шыға бастаса, онда инемен жару керек, сонсоң жазылғанша майлы шүберекпен байлауға керек. **Қышыма** болған кісінің әуелі саусақтарының арасы қышыйды, сонсоң тұла бойы қышый бастайды. Бұл қышыманы әуелі қолдан бастап жазу дұрұс. Қол жазылған соң тұла бойын жазу керек: бір қасық сыйыр майын алып, сонсоң екі қасық қара май екі қасық күкүрт алып бұның бәрін араластырып жуу керек, сонсоң тағы үш күн майлап жату керек. **Мұрны қанаған кісіні сыртқа шығару керек** жа болмаса мұрнұна маңдайына суық суға малған шүберекті басу керек. **Іш ауру** тиген кісіні жылы жерде ұстауға керек, жеңіл ас беру керек. Әуелгі күні ішін өткізетін зат ішкізу керек: кендірмай, ағаш май секілдерді; ол майды күніне үш қасық беру керек. Лексикасында кірме сөздер кездеспейді, терминдік мәнді зат не құбылыс атауларын қазақтың төл сөздерімен беруге тырысқан. Терминдердің бірнеше вариантта қолданылуы ұшырайды: *ғалым — оқымысты — білім иелері* т.б.

XIX ғасырдың соңғы жылдарында, әсіресе XX ғасырдың бас кезінде ғылымның медицина, ветеринария, биология т.б. салаларынан қазақ тілінде жеке кітапшалар жарық көре бастайды. Бұлар «халық қамын ойлаған оқығандардың орыс тілінен аударып бастырған арнаулы әдебиеттер» болатын дейді зерттеушілер.

Табиғат құпияларын, адам және қоғам өміріндегі құбылыстарды, аң-құстар дүниесін, ғылым және техника жаңалықтарын көбінесе қазақтың өз қолдануында бұрыннан бар сөздермен береді: *жер* (земля), *күн* (солнце), *ай* (луна), *жұлдыз* (звезда), *су* (вода), *жел* (воздух), *аспан* (небо), *бұлт* (облако, туча), *теңіз* (море), *көл* (озеро) т.б. Тіпті соңғы кездерге дейін әдеби тілімізде *километр*, *поезд*, *фунт* деп орысша түрінде қолданылып келген сөздер қазақша *шақырым*, *от арба*, *қадақ* деп беріледі, орысша ай аттары да мұнда қазақша вариантында келтіріледі (*қамал*, *низам*).

Қазақ тіліндегі медициналық терминдердің де қазақтың сан ғасырлық тарихында қолданылып келген жалпыхалықтық тілінің сөз байлығы (лексикасы) негізінде қалыптасып, дамығанын көреміз. Тіліміздегі негізгі медициналық терминдер әуелден-ақ қазақтың бұрыннан қолданылып жүрген байырғы сөздерінен жасалған. Мәселен, аурулардың қазақша атаулары: *қарасан* (оспа), *анат*, *оба*, *тырыспай* (чума), *буын ауруы*, *сүйек ауру*, *сүйек тасу* (ревматизм), *басыр*, *жырық* (трахома), *безгек*, *қызба*, *қыздырма* (малярия, лихорадка), *бел ауруы*, *құяң*, *шойырылма* (радикулит), *кезік*, *сүзек* (тиф), *түйнеме*, *жамандату* (сибирская язва) т. б.

Терминдік мәндегі сөз тіркестері де кездеседі: *көздің ағы* — «бельмо», *көздің қарашығы* — «зрачки» (бір жерде «*көздің қарамығы*» деп берілген, біздіңше, бұл баспадан кеткен қателік сияқты), *құрт ауру* — «туберкулез», *тіс түбінің еті* — «десна», *үлкен тамыр* — «артерия», *ауыз уылу* — «цинга», *ауру (науқас) үйі* — «больница» (қазіргі мағынасында *аурухана*, *емхана* сөздері ол кезде әлі термин ретінде қалыптаса қоймаған, сондықтан оларды «түсіндірме жолымен» *ауруларды қарайтын үй*, *адамдарды қарайтын жер*, *ауру бағатын үй* деп берген).

Көріп отырғанымыздай, ғылыми әдебиет аудармаларында, қазақша газеттердегі ғылыми мақалаларда алғашқы ғылыми терминдер мен терминдік мәндегі сөздер қолданыла бастайды. Өйткені терминсіз ғылыми ой-пікірдің дамуы мүмкін емес. Бұл кезең, Р.Сыздықованың пікірінше, қазақ тілінде терминдерді жасаудың (немесе қабылдаудың) принциптері мен жолдары айқындалмаған, тіпті ол жөнінде сөз болмаған дәуір. Қазіргідей әр ұғымға сай орныққан, әр ғылым саласына қарай сараланған терминдердің жүйесі әлі жоқ. Дегенмен, білім-ғылымға қатысты терминологияның алғашқы нышандары ол кезде (яғни XIX ғасырдың екінші жартысы) аталған стильде (ғылыми-көпшілік) көріне бастады деуге болады [3; 239]. Қазақ тілі терминологиясын қалыптасып, даму тарихын зерттеуші Ө.Айтбаев та бұл әдебиеттерден белгілі дәрежеде терминдік сөз қолданыстың қалыптаса бастағанын, терминдік мән жүктелген сөздер мен сөз тіркестерінің алғашқы түрлерін кездестіруге болатынын көрсетеді [4].

Аударма тілін зерттеушілердің айтуынша, бір тілден екінші тілге аудару ісіне жүктелген міндет әр заманның талап-мақсаттарына сай әр түрлі болған. Сондықтан әрбір кезеңнің талап-талғамына орай аударылатын дүниелер іріктеліп, аударудың тәсілдері қалыптасып отырған. Мәселен, сонау сауат ашу дәуірінде аударылған шығармалар мен бертін келе аударылған дүниелердің тақырыптары мен аумағы мүлде салыстыруға келмейді. Олардың аудару тәсілдерінде де айырмашылықтар бар. Р.Сыздықова медицина, ветеринария, шаруашылық мәселелеріне арналған материалдардың дені орыс тілінен аударылған дүниелер болғанымен, оларды осы күнгідей дәл аударма ретінде қарастыруға келмейтінін, өйткені XIX ғасырдағы аударманың принциптері қазіргіден бөлек болғанын, бұларда түпнұсқа мәтіннің мазмұны ғана беріліп, сөздігі мен синтаксистік құрылымы жағынан дәлме-дәлдік сақталмайтынын ерекше атап көрсетеді [3; 238]. Өйткені сауатын енді ғана аша бастаған қазақ

оқырманына көбіне-көп тез түсінілетін, тілі жеңіл ұсақ жанр үлгілері ұсынылып келген. Ө.Айтбаев оқырманға оңай ұқтыруды көздеген алғашқы аударма үлгілеріне «түсініктеме-аударма» деген анықтама беріп, оның белең алуын кезеңіне лайықты мақсаттың табиғатынан туындаған деп тұжырымдайды [5; 109].

Бұларда сол заманғы қазақ оқырмандарына бейтаныс білім-ғылымға, техникаға қатысты ұғым атаулары көбінесе *суреттеме, түсіндірме* жолымен, *сипаттама* түрде аударылып беріледі. Бұндай «түсіндірулер» бірде айтылған ойға түсінік беретін болса, енді бірде айтылған ойды нақтылай түседі. Жаңа сөздер мен терминдердің мағынасын түсіндіру *яғни, деген* сөздердің көмегімен жүзеге асырылады. Мәселен, сол кездегі қазақ оқырманына *зоология* сөзінің *зоо+логос* деген латын сөздерінен тұратындығы, бұл сөздердің мағыналары түсініксіз, сондықтан оны *жан-жануарлар ғылымы* деп береді, бұл тіркестен аталған ғылымның нені зерттейтінін анық көруге болады, сонымен қатар *ағаш-су ғылымы* (ботаника), *тау-тас ғылымы* (геология), *табиб ғылымы* (медицина) деген түсіндірме тіркестер кездеседі.

*Океан* дегенді *үлкен теңіз* деп, ал *океания* дегеніміз *үлкен теңіз ішіндегі бөлек-бөлек аралдар* деп түсіндіреді. Сол сияқты *село* деген сөзге жақша ішінде *кішкене қала* деген түсініктеме берген, *хутор* дегенді *үй орнатып, егін салып қойған бірді екілі үйі бар жер* деп суреттеме тәсілмен береді де, *усадыба* деген сөзді *о да хутор секілді* дейді.

*Магнит* деген сөзге *темірді тартып алатұғын тас* деген түсінік беріледі, *микроскоп* дегеніміз *үлкейтпін көрсететін шыны (шөлмек), насос* сөзіне *желді суырып алатұғын* деп, ал компас сөзіне *жол көрсететұғын құрал* деген түсініктеме бере отырып, оны *сартша құбыллама* деп аударарды.

Бұлардан басқа *патшалықтан ақша беретұғын банка* деген *мехкеме, метеорит, яғни көктен түскен тас, ладан* деген *иісті май, динамит* деген *дәрілі құрал, телеграф, яғни сым керілген бағаналар, астрономия* деген *кітап, вексель* дейтұғын *қағаз, монастырь* — *сопылар тұрар жері* тәрізді түсіндірулер қолданылады.

А.Алдашеваның пікірінше, қазіргі заман деңгейінен қарағанда, арғы-бергі тарихта, бастапқыда ауызша, кейіннен бірыңғай жазбаша қалып алған тәржіма шаруасының қазақ халқы үшін мәдени-танымдық, қоғамдық-әлеуметтік сан түрлі қызметінің екі арнаға қарай тоғысатынын көруге болады: білім-ғылымды, оқу-оқыту ісін дамытуға қосқан үлесі, яғни *ағартушылық* қызметі, екіншісі — қазақ әдеби тілінің қалыптасуына, тілдің сөздік қорының, *ғылыми аталымдар жүйесінің* толығына қосқан үлесі, яғни жазба әдебиет нұсқасы ретіндегі тілді *байыту* қызметі [2; 12].

Сол кезеңдерде қазақ тілінде жарық көрген осы іспеттес әдебиеттердің тілі бір ізді, қалыптасқан жүйелі нормада болмағанын, әйтсе де қазақтың әдеби тіл стильдерінің жеке-жеке өріс алып, жанрлық-тілдік жағынан қалыптаса бастауында бұл еңбектердің орны ерекше болғанын айта келіп, Ө.Айтбаев «ғылым мен техникалық әдебиеттер стилі тек *аударма әдебиеттер* негізінде әдеби тілдің жеке стилі болып толық қалыптасып кете алмайтынын, оны жеке стильдік тармақ деп тану үшін *қолтума әдебиеттің* де маңызы зор» дегенді айтады. Сондықтан ғалым бұл еңбектерге «қазақ тіліндегі ғылыми әдебиеттер стилінің толық қалыптасуындағы алғашқы нышандары» деген баға береді [1; 131].

Қазақ терминологиясымен қатар ғылыми әдебиет стилінің қалыптасуын да аудармамен байланыстырып қарастыратын зерттеулер бар. Ө.Айтбаев «Алғашқы аударма үлгілері және олардың терминге қатысы» деген мақаласында қазақ тілінің терминологиялық жүйесін жасап, қалыптастырудағы, ғылыми әдебиеттер стилінің толық қалыптасуындағы алғашқы аударма үлгілердің алатын орнын көрсетеді [5; 99].

Алғашқы аударма әдебиеттердің қазақ тілінің ғылыми стилін қалыптастыруда белгілі рөл атқаратындығын сипаттай отырып, ғалым С.Исаев: «...бірақ бұл кезеңдерге қазақ тілінің ғылыми стилі, әсіресе ғылымның сөз болып отырған салаларына байланысты стилі қалыптаса қалды дей алмаймыз. Дегенмен бұл саладағы көптеген терминдер, кейінгі шақтардағы әдебиеттер тілінен мықтап орын алған тіркестер, сөз орамдары осы шығармаларда алғашқы рет қолданыла бастайды», — деп қорытады [6].

Қазақ тілінде тұңғыш жарық көрген ғылыми әдебиеттердің денін орыс тілінен аударылған материалдар құрағанын айта келіп, ғалым Б.Әбілқасымов: «Жазу-сызуы кенже дамыған, өзінің баспасы болмаған халықтарда ғылыми әдебиеттің де кеш жарық көретіні белгілі. Әдетте мұндай әдебиет алғаш пайда болған шағында өзге бір тілден аударма сипатында болады», — деп мәлімдейді [7]. Демек, қазақ халқына ғылым негіздері мен жаңалықтары алғашында *аударма* арқылы жетіп отырған.

Сонымен, ғылымға қатысты әдебиеттерді орыс тілінен қазақшаға аудару ісінің XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында жандана бастағанын көреміз. Әдеби тіл тарихын зерттеуші-ғалымдарымыздың пікірлеріне сүйенсек, олардың тілі жатық, қарапайым халыққа түсінікті болу жағына ерекше назар аударылған. Өйткені «алғашқы аудармаларда» ақпараттың дұрыс берілуі негізге алынып, аудару барысында қолданылатын тілдік құралдар мен стильдік тәсілдер осы мақсатқа бағындырылған.

Осы сияқты толып жатқан ғалымдардың пікірлерін келтіре беруге болар еді. Алайда қорытындылай келе айтарымыз, термин жасауды аудармадан бөліп алып қарауға мүлдем болмайды. Себебі аударма терминжасамның бір түрі екендігін жоғарыда атап өттік. Оны зерттеуші-ғалымдар да ешқашан жоққа шығарған емес. Терминдерді аударуда кездесетін ең басты мәселе — халықаралық терминдердің аударылуы дұрыс па, жоқ па деген пікір. Сол аударманың өз тілімізде нақты баламасы табылса, қолданыста еш қиындық туғызбаса, аударған дұрыс деп ойлаймыз. Яғни екі жақты қарама-қарсы пікір аударманың дұрыс берілу-берілмеуінен ғана туындайтын сияқты. Бұл аударма мен терминжасамның тығыз байланысты екендігін дәлелдей түссе керек. Демек, аударма және тілге икемдеп алу тәсілдері қазақ тілінің халықаралық терминдерді ұлт тіліндегі терминдерге айналдырудағы басты жолы деуге болады.

Қазақ әдеби тілі — мемлекеттік тілдің негізі болса, терминология мен ғылым тілі — оның негізгі саласы. Сондықтан мемлекеттік әдеби тіліміздің терминологиясы өзінің реттілігімен, жүйелілігімен, тұрақтылығымен өлшенеді.

Дүние жүзі халықтары әлемдік біртұтас өркениет жағдайына жету үшін бір-бірімен мәдениет үлгілерінің жетістіктерін аударма жасау арқылы байланысып, қарым-қатынаста болады. Терминдердің жасалуы осы аударма арқылы жүзеге асады. Сондықтан аударма терминжасамның бір түрі, негізгі тәсілі ретінде саналады.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Айтбаев Ө.* Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. — Алматы: Ғылым, 1988. — 208 б.
- 2 *Алдашева А.* Аударматану: лингвистикалық және лингвомәдени мәселелер. — Алматы: Арыс, 1998. — 158 б.
- 3 *Сыздықова Р.* Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV–XIX ғасырлар). — Алматы: Ана тілі, 1993. — 320 б.
- 4 *Айтбаев Ө.* Тіл және аударма // Терминдер және олардың аудармалары. — Алматы: Ғылым, 1990. — 102-б.
- 5 *Айтбаев Ө.* Алғашқы аударма үлгілері және олардың терминге қатысы // Қазақ терминологиясының дамуы мен қалыптасуы. — Алматы: Ғылым, 1988.
- 6 *Исаев С.* Қазақ әдеби тілінің тарихы. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 125-б.
- 7 *Әбілқасымов Б.* XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. (Баспа нұсқалар тілі негізінде). — Алматы: Ғылым, 1982. — 25-б.

Ж.Д.Рапишева

### Терминологическая научная лексика казахского языка на ранних этапах ее формирования

В статье исследуется терминологическая лексика казахского языка на ранних этапах ее формирования. Рассматриваются особенности употребления и образования терминов на материале первых образцов перевода научной литературы на казахский язык. Особое внимание уделяется преобразованию казахской лексики в терминологическую. Автор при этом отмечает особое место перевода как основного способа терминотворчества в образовании терминов казахского языка. Особенности становления казахской научной терминологии, а также научно-популярного стиля в казахском языке подтверждают, что формирование научного стиля казахского литературного языка и его терминологии берет свое начало со II половины XIX в.

This is article about the using of first examples of termins in Kazakh language. So there is rule of first examples science literature in make of terminological lexics was been showed. The author shows real examples of that many of termins word be consist by Kazakh works. The article devotes espesialities of siense literature style in Kazakh language, influence of extralinguistical factors on formation a stiletto. The author is charactering to general tendition of development terminology on this style and comes to the conclusion about the necessity of systematizing and unification of scientific names of siense plants in the Kazakh language. The author analyses examples this style for real facts. In conclusion there is siense style of Kazakh literature language and terminological lexics have been appeared for II half of XIX century.